

MODERN SCIENTIFIC POTENTIAL -
2021

February 28 - March 7, 2021

Volume 6

Philological sciences

Music and life

SHEFFIELD
SCIENCE AND EDUCATION LTD
2021

Ақшабаева, Л. М. А. Мырзахметтің " Қуыршақ " шығармасындағы жатсыну белгілерінің вербалдануы [Текст] / Л. М. Ақшабаева // Modern scientific potential . materials of the xvii international scientific and practical conference. February 28 - March 7, 2021. Volume 6. Philological sciences Music and life. - SHEFFIELD: SCIENCE AND EDUCATION LTD, 2021.

педагогика ғылымдарының магистрі:

Ақшабаева Л.М.

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

А.МЫРЗАХМЕТТИҢ «ҚУЫРШАҚ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ЖАТСЫНУ БЕЛГІЛЕРІНІҢ ВЕРБАЛДАНУЫ

Әңгіменің бас кейіпкері – театр актрисасы. Жазушы өмір-театр, ал ондағы адамдар актерлер деген концепцияны негізге ала отырып, әйелдің осы өмір атты театрдағы жалғыздығын, менмендігін психологиялық параллелизм арқылы суреттейді. Шығарманың эпилогы ретінде Платонның сөзін алуынан-ақ әңгіменің өмір-театр тақырыбында өрбитінін логикалық тұрғыда түсінуге болады. Әңгіме мәтініндегі «күшті позициялар» (тақырып пен эпилог) бір-бірін толықтырып тұр.

Қуыршақ баланың ойнауына арналған ойыншық екендігі белгілі. Біздің түсінігімізше осылай. Алайда ежелгі замандарда бұны әр түрлі магия, ритуалдар үшін пайдаланған. Кейбір дәстүрде қуыршақтар – құдайдың символы болып та есептелген. Адамдарды әр түрлі пәлелерден сақтайды деп ежелде сенген. Бұл жерде біз К.П.Эстестің қуыршақ жайлы айтқан мына бір ойын келтіруді жөн санаймыз: «Люди веками ощущали, что от кукол исходит и святость, и тапа – пугающее и неотразимое присутствие, которое воздействует на человека, меняя его духовную сущность. Например, среди деревенских знахарей корень мандрагоры чрезвычайно ценится за сходство с человеческим телом: у него есть отростки, похожие на руки и ноги, а на месте головы – шишковатый нарост. Говорят, он содержит большой заряд духовной энергии. Считается, что создатели кукол вдыхают в них жизнь. Некоторые куклы используются в ритуалах, колдовстве, любовной магии и просто для развлечения. Когда я жила среди индейцев куна на островах, принадлежащих Панаме, они использовали маленькие деревянные фигурки как знаки власти, напоминающие человеку о его собственной силе... При дворе с древних времен дарили кукол как знак расположения. По всему свету в сельских церквях можно встретить кукол-святых. Кукол-святых не только регулярно купают и облачают в наряды ручной работы, но и «выводят на прогулки», чтобы они могли посмотреть, как дела в полях, как живет народ, а потом замолвить за людей словечко на

небесах. Кукла – это символический гомункул, маленькая жизнь. Это символ того нуминозного, что скрыто в людях. Это уменьшенная сияющая копия изначальной Самости. С виду это просто кукла, но внутренне она олицетворяет частицу души, в которой сосредоточено все знание более широкой души-Самости...кукла выражает наш внутренний женский дух, голос внутреннего разума, внутреннее знание и внутреннее сознание. Кукла сродни

маленькой птичке из сказок, которая появляется в трудную минуту и шепчет героине на ухо необходимый совет, обнаруживает скрытого врага и подсказывает, как поступить. Это мудрость гомункула, маленького существа, обитающего внутри. Она наш помощник, который сам по себе невидим, но всегда доступен [1, 54].

Ал бізге тек ойнауға болатын ойыншық деген мағынасы ғана жеткен. Яғни, алғашқы магиялық күші жойылған (дегенмен адамды сиқырлау үшін, т.б. кейбір дәстүрлерде әлі кездеседі). Біздің талдайын деп отырған шығармада адам-қуыршақ – ойын құралы деген түсінікте интерпретацияланады. Әңгіме актрисаның әдемі оянуынан басталады: Оны бүгін күннің өзі оятып алды. Терезеден төгілген шуақ шкаф айнасына шағылысып, актрисаның бетіне түскен. «Мен ояндым, енді сен де оян» дегендей еркелей шағылады. Содан кейін шай ішіп отырып, терезе алдына барып, мектепке, әткеншек теуіп отырған қызға көзі түседі. Даладағы осы картина оған жастық шағын елестетті. Неге екені белгісіз, актрисаның көзіне қуыршақ ойнатқан бүлдіршін осынау сан-алуан бояуы тамылжыған әлемде әрсіз, түссіз болып көрінді. «Таныс көрініс, қайдан көріп едім?» деген сұрақ көңіл көкжиегіне алай-дүлей дауыл шақырғандай. «Таныс көрініс...». Ол қолындағы ыдысты терезе алдына қоя салды да, басы сең соққандай мең-зең боп, төсегіне келіп отырды. Жастықтың үстінде отырған қуыршағы «есіңе түспеді ме?» деп басын изегендей болды. Балалығының кішкене бөлшегі, осы күнге дейінгі өмірінің куәгері болған жансыз досының жанарынан «мен сияқты болған жақсы ма екен?» деген мысқыл сезіледі. Көңілсіз түске бояла бастаған бөлме ішінде актрисаға ғана көрінетін өткен өмір көріністері тізбектелуде. Әр кезеңнен бір естелік, қалғанын ұмытып қалған, уақыт өзеніне шайып жіберген. Әйтеуір балалық шағы көз алдында... Ол бала күнінен актриса болуды армандайды. Бір күні әкесі оған қуыршақ сатып береді. «Үйде жалғыз қалатын, жан баласымен жарытып сөйлеспейтін кішкентай қыздың сахна әлеміне қуыршақ» енеді. Қуыршақпен сөйлесі, оған сыр айту, оны

мұңдас қылу әдетке айналдырады. Актриса болып ойнап, есейгенде де сол қуыршағын жанынан тастамайды. Ол белгілі бір ролді ойнаудың кілтін табады. Әмір Әшірбаев деген құрметті азаматпен төсектес болып, өзінің уақытша арманына жетеді. Осы сәтті автор былайша суреттейді: «Ол кемпірқосақты көруді армандасаң алдымен нәсер жаңбырды өткеру керек екендігін білетін. Өз заманының беделді азаматы Әмір Әшімбаевтің «жақсы ұсынысым бар, кешкілік кездесіп талқылайық» деп шақырған ас мәзіріне қарсылық білдірмеді, білдіргісі де келмеді...» Үлкен сахнаға айналма жолмен шыққанша, төсекті көпір қылып төте жолмен түсу қалыпты жағдай [2]. Актриса шығуы оңай таудан, түсу де оңай екенін білмеді емес, білді. Бірақ, бүгінгі күнмен өмір сүретін адамдардың нақты осы сәттегі жеңісін бірінші орынға қойып, ертеңгі күн – жоқ күн, оны уақыты келгенде көреміз деп есептейтінін ескерсек, актриса үшін басқа жол іздеп, бас қатырудың керегі де жоқ еді. Алайда бастан бақ тайғаннан кейін, ендігі өмірі театр сақынасында емес, пәтер сақынысында өтеді. Оның жалғыз сырласы,

мұңдасы – қуыршақ. Әңгіме соңында қуыршақ пен актриса арасында диалог керісінше сипатта өрбиді, қуыршақ-сөйлеуші мен актриса үндемес рөліне ауысады: Бүгін ерекше көңілді еді, қайдағы жоқ есіне түсіп...

- *Неге менен көзіңді алмайсың сен!* – деп актриса қуыршаққа ашулана бастады.

- ...

- *Мен — сенің сахнада емес, сен — менің сахнамдасың!*

- *Ал сен — менің кейіпкерімсің!!!* – деді қуыршақ, бұдан әрі шыдай алмай.

- ...

Түсінбедім?..

- *Қалай, мен сияқты болған жақсы ма екен?* – деді енді мысқылдап.

- ...

- *Кім қуыршақ сонда, мен бе, сен бе?*

- ... – енді үндемей жауап қайтарудың кезегі ауысқан [2]. Сөз таба алмай қиналғандықтан қуыршақты қолына жатқызып еді, ол көзін жұмбай, тік қарап, сазарып, қырсықты. Езуінде үйірілген күлкісі актрисаның жан-дүниесін астанкестен еткен. Актриса ызаға булығып қуыршақты шашынан ұстап, балконнан лақтырып жіберді...

Әр автордың өмірді түйсінуі өзінше болып келеді. Алмаздың түсінігінше, өмір-театр, өмір-жалғыздық. Мәтіндегі әр абазақтағы сөйлемдер осыны дәлелдей түседі. Өмір –ол сақына, бұнда әр адамның өзіндік ролі бар. Біреу жазушы, біреу студент, біреу ана, біреу ата, т.б. Бірақ кейде осы ролді кейбір адам дұрыс ойнай алмай жатады. Қуыршақтың қандай жағдайларда қолданылатынын жоғарыда айттық. Бұл ойыннан бөлек түрлі жоралғыларда пайдаланылады. Бірақ оның функциясы қазір өзгерген. Сол секілді әйел адамының да қоғамдағы функциясы өзгерді. Бұрын әйел қауымы отбасы ошақ қасы деген спектакльде ойнаса, енді біреудің ашынасы, жеңілдің үстімен, ауырдың астымен өтетін кейіпкерді сомдаушы (әрине, барлық әйел емес). Шығармада актриса мынадай риторикалық сұрақтар қояды: **Не үшін өмір сүрді? Не үшін таң атып, күн батып жатыр? Қайда келе жатырмын мен, қайда барамын? Осы күнге дейін сөйлеген сөздерім, армандарым, саналы-санасыз әре- кеттерім қайда кетті? Сонда мен өмір экранына қарап, қозғалыссыз отырған көрермен болғаным ба? Әлде әлдекімнің ойлап тапқан көрінісін көрсету үшін бәзбіреудің саусақтары арқылы қозғалып тұрған, аяқ-қолына жіп байланған қуыршақпын ба? Актриса дағдысы бойынша қуыршағын қолына ұстап тербетіліп отырды.** Міне, осы контекст бізге әйел затының өзінің аналық функциясынан айырылғанын көрсетеді. оны жалғыздық билеген. Бұрын мұндай сұрақты қоядың өзі әбестік, артық болатын. Өйткені әйел заты кім үшін дегенде баласы үшін, отбасы үшін, отаны үшін өмір сүруім керек, мен отбасыма керекпін деп айтушы еді. Ал мына кейіпкерде не сүйіктісі, не баласы, т.б. жоқ. Өмір атты теартдағы жалғыздық ролі. Автор осы әңгімеде актриса бейнесін ашуда әр түрлі теңіу, метафораларды қолданған. **пәтердің жүрегі сынды дүрсілдеген сағат, төсекті көпір қылып, кемпірқосақты көруді армандасаң алдымен нәсер жаңбырды өткеру, театр**

теңізінде саяхаттаған кезеңі, шексіздіктей көрінген өнер теңізінің шеті, т.б. Шығармада стильдік қателер де жоқ емес. Мәселен, мына бір сөйлем олқы шыққан. *Бір кезде қоңырау соғылып, барлық бала жаңбыр дабылын естіп, илеуге асыққан құмырсқалардай мектептің ішіне еніп кетті* [2]. Жаңбырдың дабылы деген метафора өте орынсыз секілді. Дабыл «жорықта сарбаздарды, жұртты бір жерге жию үшін, саяткершілікте аңды үркіту үшін пайдаланатын аспап. Жалпы, дауылдың үні бір жерге жинау үшін, үркіту үшін пайдаланылған. Дегенмен, жаңбырдың үнін дабылға ұқсату келіңкіремейтін секілді. сонымен қатар, барлығы бала емес, барлық бала деп қолдану дұрыс шығар.

Автор әлі ізденіс үстіндегі шығармашыл адам. Алайда көтеріп отырған тақырыбы өте өзекті. Театрда қалған Жалғыз басты әйел мәселесі. Оның тағдыры мен қуыршақтың тағдыры өте ұқсас. Формасы болғанымен, іштегі жылулық жоғалған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Эстес К.П. Бегущая с волками. – Киев: Задияк, 1998. – 625 с.
2. «Қасым» республикалық әдеби-қоғамдық журнал